

**«Медициналық мақсаттағы бұйымдар» (рентген сәулесінен қорғайтын
белдемшелер) баға ұсынымдарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы
хабарландыру**

Сатып алуды ұйымдастырушы және Тапсырыс беруші: **Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 1 қалалық емхана» ШЖҚ МКК**, заңды және нақты мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, **С.Сейфуллин көшесі, 28 үй**.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – ережелер) № 1729 қаулысының 10-тарауына сәйкес «Медициналық мақсаттағы бұйымдар» (рентген сәулесінен қорғайтын белдемшелер) сатып алуын өткізетіндігін хабарлайды (№1 қосымша).

Баға ұсыныстарын сұратуды сатып алуға Ережелердің 3-тарауында көрсетілген біліктілік талаптарына жауап беретін барлық әлеуетті өнім берушілер жіберіледі.

Жеткізу мерзімі: Тапсырыс берушінің өтініші бойынша 2020 жылдың ішінде (жеткізу өтінім берілген уақыттан бастап 15 күнтізбелік күннен аспауы тиіс).

Жеткізу орны: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Сейфуллин к-сі, 28.

Баға ұсыныстары бар конверттерді ұсыну мерзімі – 2020 жылдың 20 қарашасында 08 сағат 00 минуттан бастап 2020 жылғы 27 қарашаның 10 сағат 00 минутке дейінгі аралық.

Баға ұсыныстары бар мөрленген конверт жұмыс күндері жергілікті уақыт бойынша сағат 08.00-ден 17.00-ге дейін (үзіліс 12.30-дан 14.00-ге дейін) ұсынылуы немесе пошта арқылы жіберілуі тиіс.

Баға ұсыныстары бар конверттерді ұсынудың соңғы мерзімі – 2020 жылғы 27 қараша 10 сағат 00 мин.

Конверттерді ашу 2020 жылғы 27 қарашада сағат 10-00-де Нұр-сұлтан қаласы, С. Сейфуллин көшесі, 28 үй, 202 кабинет мекен-жайында жүргізіледі.

Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысына тауарды жеткізуге байланысты барлық шығыстарды қосуы қажет.

Конвертте денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша баға ұсынымы, лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы рұқсат беру органдары жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаның қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға рұқсаты, сондай-ақ ұсынылатын тауарлардың Ереженің 4-тарауында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар болуға тиіс.

Ескертпе: хабарландырудың №1 қосымшасында сатып алынатын тауарлардың толық тізбесі, олардың саны және егжей-тегжейлі көрсетілген.

Қосымша анықтамалар мен ақпаратты 8 (7172) 32-24-33 телефоны арқылы алуға болады.